

## Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 23 сәуірдегі N 1073 жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Конституциялық заңының 21-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 1, 2-құжат; 2001 ж., N 4-5, 43-құжат; 2002 ж., N 26, 272-құжат; N 45, 445-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлыққа 3-қосымшада:

"Облыстардағы, Астана қаласындағы, Алматы қаласындағы әкімшілер" деген жолдағы "1745" деген сан "2045" деген санмен алмастырылсын;

"Аудандық және оларға теңестірілген соттар" деген жолдағы "6097" және "1551" деген сандар тиісінше "6697" және "1851" деген сандармен алмастырылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*